ХАТТАМА

мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру мәселесі бойынша комиссия отырысының

№ 1 **Орал қ.** **«26» қаңтар 2026 ж.**

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

Директор – Жумагалиева А.Г.

Комиссия мүшелері:

Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары – Даулетова А.А.

Бухгалтер – Абдушева Р.А.

Хатшы:

Мемлекеттік сатып алу менеджері - Беккалиева М.К.

Күн тәртібі:

Бейнебақылау камераларын қосымша орнату жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру.

Комиссия анықтады:

Батыс Қазақстан облысы Полиция департаменті тарапынан жүргізілген тексеру нәтижесінде терроризм тұрғысынан осал объектіде антитеррористік қорғаныс талаптарын бұзушылықтарды жою және қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету туралы нұсқама берілген.

Тексеру қорытындысы бойынша қауіпсіздік талаптарының бұзушылықтары анықталып, атап айтқанда, аумақты толық бақылау және антитеррористік қорғаныс талаптарын сақтау мақсатында қосымша бейнебақылау камераларын орнату қажеттілігі белгіленді.

Аталған нұсқаманы орындау міндетті болып табылады. Сонымен қатар, құқық қорғау органдары тарапынан анықталған бұзушылықтардың жойылуын тексеру мақсатында қайта тексеру жүргізілетіні хабарланған. Осыған байланысты кемшіліктерді қысқа мерзімде жою қажеттілігі туындап отыр.

Білім алушылардың, қызметкерлердің және келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камераларын орнату жұмыстарын шұғыл түрде сатып алу қажет.

Сатып алудың құқықтық негізі

Аталған сатып алу Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады, яғни: жылдық көлемі құндық мәнде: жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша – айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайда, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алу.

Комиссия жоспарланған сатып алу сомасы белгіленген шекті мөлшерден аспайтынын растады, осыған байланысты аталған тәсілді қолдану заңды болып табылады.

КОМИССИЯ ШЕШІМІ:

Антитеррористік қорғаныс талаптарының бұзушылықтарын жою мақсатында қосымша бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары бойынша сатып алу қажеттілігі негізді деп танылсын.

Мемлекеттік сатып алу бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен Заңның 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылсын.

Жауапты тұлғаларға белгіленген тәртіпте шартты дайындау және жасасу тапсырылсын.

Комиссия төрағасы _____ /Жумагалиева А.Г./

Комиссия мүшелері:

_____ /Даулетова А.А./

_____ /Абдушева Р.А./

Хатшы _____ /Беккалиева М.К./